

Шардара аудандық маслихатының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 8-45VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 ақпандағы № 20-93-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 6 наурызда № 6477-13 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шардара аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шардара аудандық маслихатының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" №8-45VIII шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6347-13 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шардара ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің , оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

7 тармақ 2) тармақшасы "Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35 жылдығына орай біржолғы 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген абзацпен толықтырылсын;

8 тармақ 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

4) адамның иммун тапшылығы вирусын (бұдан әрі АИТВ) медицина қызметкерлерінің кінәсінен жұқтырған балаларға (ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне) және кәмелетке толған адамдарға әлеуметтік көмек ай сайын жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде тағайындалады;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

Б. Муталиев